

Аймұхамбет Ж.Ә.,
Байтанасова Қ.М.

**Мифтік танымдағы жаратылыс
диадасының
қосарлы-қайшылықты бітімі**

Мақалада мифтік дүниетаным негізіндегі диадалық бірліктің қайшылықты сипаты талданылды. Миф табиғатына тән бинарлық оппозицияның мәні, тілдік аспектідегі қалыптасқан ұғымдардың мағынасы туралы тұжырымдар негізге алынып, тұжырымдар жасалады. Мифема ұғымының осы бинарлық оппозицияға негіз болғандығы мысалдар арқылы талқыланып, тұжырымдармен бекітіледі. Бинарлық оппозиция категорияға айналып, табиғат пен мәдениеттің өмір сүру қағидаттары ретінде сипатталады. Мақалада бейсаналық құрылымды анықтау үшін халық мәдениетін, менталитетін, рухын танып-түсіну, дәл осы құрылым қабаттасқан бинарлық оппозицияны айқындау керектігі айтылады. Мифтік дүниетанымда ерекше орын алатын бинарлық-диадалық құрылым әлем халықтарының мифтік баяндарынан және поэтикалық кеңістіктен орын алғандығы туралы қорытындылар жасалады.

Түйін сөздер: дүниетаным, миф, бинарлық оппозиция, мифема, медиатор, хаос, космос, аспан, жер, бейнелеу тәсілдері, стилистикалық пішін, антитеза.

Aymukhambet Zh.A.,
Baitanasov K.M.

**The binary and opposite nature
of the dyad in the mythical
consciousness**

The article analyzes the opposite qualities and unity of the dyad of the mythical world from the point of view of language and aspects inherent to the nature of the essence of the myth of binary opposition. The binary opposition is considered as a separate category and characterized as the main principle of nature and culture existence. In the article it said that in order to identify subconscious structure it is necessary to study the culture, mentality and spirit of a nation, the structure can certainly recognize the binary opposition. Conclusions are justified by the judgment in the examples that vividly demonstrate the fact that mytheme has formed the basis of a binary opposition. The conclusions in the article also argue that the structure of the binary dyad has a special place in the mythological world view of mythical stories of the peoples of the world and in a poetic space as well.

Key words: outlook, myth, binary opposition, mytheme, mediator, chaos, space, sky, earth, ways of reflection, stylistic forms, antithesis.

Аймұхамбет Ж.А.,
Байтанасова Қ.М.

**Дуо-противоречивая природа
диады в мифическом
сознании**

В статье анализируются противоположные качества и единства диады мифического мировоззрения с точки зрения аспекта языка и присущей природе мифа сущности бинарной оппозиции. Бинарная оппозиция характеризуется как отдельная категория, описывается как основной принцип существования природы и культуры. В статье говорится о том, что для определения подсознательной структуры необходимо понять и познавать культуру, менталитет и дух народа, именно эта структура может обозначать бинарную оппозицию. Выводы обосновываются посредством суждения на примерах, демонстрирующих тот факт, что мифема легла в основу бинарной оппозиции. Выводы в статье также доказывают, что структура бинарной диады занимает особое место в мифологическом мировоззрении мифических рассказов народов мира и в поэтическом просторе.

Ключевые слова: мировоззрение, миф, бинарная оппозиция, мифема, медиатор, хаос, космос, небо, земля, способы отражения, стилистические формы, антитеза.

**МИФТІК ТАНЫМДАҒЫ
ЖАРАТЫЛЫС
ДИАДАСЫНЫҢ
ҚОСАРЛЫ-ҚАЙШЫ-
ЛЫҚТЫ БІТІМІ**

Адам баласының әуелгі дүниетанымы карама-қайшылықтардың табиғатын тануға және түсінуге негізделген. Ежелгі дүниетаным болып саналатын миф табиғатына бинарлық оппозицияның тән болуы даму заңдылығын қамтамасыз ететін карама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңын еске түсіреді.

Тілтаным аспектісінде бинарлық оппозиция (лат. binarius – қосарланған, екі бөліктен тұратын) дегеніміз белгілі бір таңба өзіне оппозицияда тұрған таңбамен байланысы арқылы ғана белгілі бір мағынаға ие болатын шеңберде түсіндірілетін семиотикалық жүйедегі қарым-қатынас типі екені белгілі [1]. Қарапайым мысал келтірер болсақ, лингвистикалық таңба ретіндегі «ізгілік» сөзінің мәнін «зұлымдық» сөзі, «жақын» сөзінің мағынасын «алыс» сөзі, «қатты» сөзінің мәнін «жұмсақ», «тұщы» сөзінің мәнін «ашы», «ақ» сөзінің мәнін «қара» сөзі айқындайтыны мәлім.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ф. де Соссюр концепциясы негізінде ғылымда кез келген құбылыс белгілі бір құрылымға ие деген түсінік үстемдік ала бастағаны белгілі. Осыдан келіп құрылымдық лингвистика туындады. Соссюр тілдік құрылымды зерттей отырып, оның элементтері болып табылатын таңбалар арасында әрекет ететін ішкі байланыстың синхронды тәртібін айқындады. Тіл элементтері, Соссюрдің айтуынша, бірін бірінен ерекшелейтін және бір-бірімен байланыстыратын оппозициялық жүйеде қызмет етеді, ал мағына, мән осы система, немесе құрылым ішіндегі бөліктер байланысының нәтижесі болып табылмақ [2, б. 19-21]. Сондай-ақ, де Соссюр үшін тіл дегеніміз – функционалды айырмашылық пен оппозиция жүйесі. Тілдің күллі механизмі оппозицияға және оған қосалқы түрде фонетикалық, концептуалдық айырмашылықтарға құрылған. Бұл тұжырымның қисындылығын, әрине, жоққа шығара алмаймыз.

Соссюр идеясын әрі қарай дамытқан Роман Якобсон фонетикалық құрылымды зерттей келе, фонетика саласының ерекшелігі – оның дуалистік, яғни бинарлық болмысында дейді. Якобсонның пікірімен келісе отырып, барлық фонемалар қай тілде болсын бір-біріне карама-қарсы жұп құрайтынын айтуға болады. Мысалы: дауысты=дауыссыз, қатаң=ұяң, жіңішке=жуан. Тілдік таңбалар мен құбылыстар адам баласының

қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болып, бір-бірінің қасиетін, сапасын, пішінін айқындайтын жұпты құрайды.

Структурализм теориясында бинарлық оппозиция негізгі категорияға айналып, табиғат пен мәдениеттің өмір сүру қағидаттары ретінде сипатталады. Француз структуралистері, оның ішінде этнолог әрі антрополог Клод Леви-Стросс құрылымдық лингвистиканың бинарлық оппозиция туралы идеясын қабылдай отырып, лингвистиканың құрылымдық моделі антропология моделімен ұқсас келеді деп түсіндіреді. Ал, бұл модельдер бейсаналықтан бастау алады, яғни әу баста адам ақылының құрылымында бар ұғым. Тіл дегеніміз, Леви-Стросс пайымдауы бойынша, халық мәдениетінің бейнесі, бірақ оның құрылымы сөйлеу тілінде қабылданбаған. Тіл – ішкі құрылымын өздігінен туындататын құбылыс. Леви-Стросс тұжырымын алға тартсақ, мифті тілмен салыстыруымызға болады, мифте де сөйлеушілер қабылдамайтын құрылымдық сипат бар (ол – бейсаналық құрылым) [3, б. 65].

Бейсаналық құрылымды анықтау үшін халық мәдениетін, менталитетін, рухын танып-түсіну, дәл осы құрылым қабаттасқан бинарлық оппозицияны айқындау керек.

Бинарлық оппозицияны Леви-Стросс ойлаудың ең түпкі, негізгі бөлшегі болып табылатын *мифема* ретінде қарастырады. Шындығында да, дүниені тануға талпыныстың ең ежелгі формасы осы мифемада жатқаны ақиқат.

Әдеби-мәдени талдаулар тұрғысынан келер болсақ, «Бинарлық оппозиция – XX ғасырда ерекше белсенді қолданылған және осылай деп танылған әлемді танудағы әмбебап құрал. Әлем бейнесін суреттеудің кез келгенін түрінде бинарлық оппозиция бар және олар әмбебап сипатымен ерекшеленеді: *өмір/өлім; бақыт/бақытсыздық; оң/сол; жақсы/жаман; жақын/алыс; өткен/болашақ; жоғары/төмен*. Бұл оппозицияның бір жағы жағымды, бір жағы жағымсыз сипатымен белгіленген» [4].

Ежелгі дүниетаным және тарихи сананың бір формасы ретіндегі миф тұтас дүние құрылымындағы қарама-қайшылыққа ерекше назар аударады. Структуралистер сипаттаған бинарлық-диадалық құрылым мифтік дүниетанымда ерекше орын алады және жаратылыс атаулының қайнар көзі, дамудың тетігі, қозғаушы күші ретінде айтылады.

Біз сол мифтік танымдағы бинарлық оппозиция табиғатына үңіліп, олардың мән-мағынасына тоқталмақпыз.

«Кез келген мифтің негізінде біршама оппозиция жатыр кез келген миф бинарлық оппозициядан бастау алады, мысалы: өмір мен өлім, аспан – жер, күн – түн, оң мен сол, жоғары – төмен, киелі – қасиетсіз, шикі мен піскен, ақ пен қара, т.б. Миф мазмұнының өрістеуі осы негізгі қарама-қайшылықты біртіндеп арылтудан түзіледі. Ол үшін мифтік-шығармашылық оппозициялар полюсін анықтап бекітетін аралық өтпелі элементтердің медиациялы-қозғалмалы рәсімін (медиатор) туындатады» деп тұжырымдайды В. Найдыш [5, б.456]

Ежелгі дүниетаным ретіндегі мифтің кез келген мотивінен біз бір-біріне болмысы қайшы диадалық құрылымды көре аламыз. Олар: хаос – космос; аспан – жер, күн – түн, ізгілік пен зұлымдық, ақ пен қара. Бұл жұп ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты болумен қатар өзара қайшылықты сипатта. Бұл қайшылықтың өзі айналып келгенде бір тұтастықты түзеді.

Дүниенің жаратылуы туралы мифтерде ең әуелі бей-берекет хаос айтылса, артынша реттілік, үйлесім ретіндегі космос оған қарсы қойылады. Бұдан кейінгі қарсылықты әрі тұтастықтағы жұп – аспан мен жер.

Сөйтіп, мифтік танымдағы айтылым бойынша хаос-космос қарсылықты жұбының байланысы нәтижесінде дүние ретке келтіріледі. Ежелгі Мысыр мифологиясында Атум құдайдың өз бойынан Шу мен Тефнутты жаратқаны, бұл жұптың балалары ретінде Геб (еркек) пен Нуттың (әйел) дүниеге келгені айтылады. Геб – жер, ал, Нут – аспан ретінде сипатталады.

«Геб пен Нут бірін-бірі жақсы көргендері соншалық, дүниеге құшақтасқан қалпында келді. Сондықтан да бастапқыда бұл екеуі бір-біріне жабысып тұрады. Олардың балалары – жұлдыздар дүниеге келеді. Бір күні Геб пен Нут ұрсысып қалады. Жанжалдың себебі – Нут үнемі өзі тапқан балаларын жұтып қояды. Геб оған ашуланады. Аспаннан да, жерден де тыныштық кетеді. Күн құдайы Ра Шуға екеуін екі бөліп жібер деп бұйрық береді. Шу Нутты көкке көтеріп, екеуінің құшағын ажыратады. Сөйтіп аспан жерден ажырайды» [6, б. 222]. Нут бұл жерде жойымпаздық сипатымен ғана емес, жаратушылық (жұлдыздарды дүниеге әкелу) әрекетімен де көрінеді. Яғни ол әрі жұлдыздарды жаратушы, әрі өз жаратқанын қайта жоюшы. Бір Нуттың болмысының өзі мифтік танымдағы жасампаздық/жойымаздық диадасын құрайды.

К. Юнгтің архетиптер теориясында Анима мен Анимус әйелдік (аналық) және еркектік (аталық) бастау архетиптері болып түсіндірі-

леді. Бұл екеуі әрі жұптасқан, бірін-бірі толықтыратын архетиптер, әрі бір-біріне деген оппозициялық сипатымен ерекшеленетін болмыс. Жаратылыстың оппозициялық сипатын мифтік негізде пайымдай отырып, ғалымдар осындай қайшылықты қарым-қатынастың даму диалектикасының өзегі екенін қайталай айтады. Миф символикасы туралы пайымдауында Дороти Норман былай дейді:

«Біз үнемі қарама-қарсылықтармен, өмір мен өлім, көк пен жер, күн мен түн, аналық пен аталық, өткен мен болашақ, біздің ішіміздегі мен оған қарама-қарсы ойынымен бетпе-бет келеміз. Біз шүбәсіз болатын қарама-қарсылықты жұптар ғана емес, сонымен бірге, олардың шексіз болып көрінетін қиюластық амалдары да абдыраушылыққа әкеледі. Міне, сол кезде біздің осынау қарама-қарсылықтардың айналы шытырман қиюластығымен келісімге келуден және оларға талғампаздықпен қараудан басқа амалымыз қалмайды» [7, б. 412].

Мифологияда Хаос-Космос диадасынан өмір-өлім оппозициясына дейінгі аралықта қаншама қайшы ұғымдар мен құбылыстар қамтылған. Жоғарыда өзіміз мысалға келтіріп өткен аспан мен жер бинарлық-диадальдық жұптастық болумен қатар оппозициялық жаратылыс. Осы оппозиция аспан-жер ұғымын қытай мифологиясында Инь мен Янь, грек мифологиясында Уран мен Гея, мысырлықтарда Геб пен Нут түрінде бейнелейді. Сондай-ақ Шив пен Вишнудың, Гор мен Сеттің бітпейтін майданы осы мифтік дүниетанымның бинарлық өзегі. Күллі табиғаттағы жаратылыс, мейлі, нақты-заттық, мейлі абстрактылы болсын, бір-бірімен қарама-қарсы жұп құраса, дәл осы қайшылық нәтижесінен даму өрбиді.

Адамзат жаратылысының негізгі өзегі болып, санасынан берік орын алған ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, жомарттық пен нәмәрттіктің мәңгілікке созылған күресі мифтік танымда бір-біріне қарама-қарсы қойылған қос қаһарман, қос билеуші, қос «құдай», т.б. сипатта бейнеленгені бізге әлем халықтарының мифтерінен белгілі.

«Инь мен Янь концепциясы – қарама-қарсы және бірін бірі толықтыратын екі бастау – мемлекетті басқару системасынан бастап адамдар арасындағы қарым-қатынасты, тамақтану ережелері мен өзін-өзі реттеуге дейінгі аралықтағы қытайдың барлық мәдени дәстүрін қамтиды. Олар, сондай-ақ адам мен рухани әлем арасындағы қарым-қатынастың күрделі жүйесінде де таралған», – деп жазады А.А.Маслов [8, б. 29]. Бұл екі бастаудың өзін ежелгі қытайлықтар

былайша сипаттаған: Янь – аспан, аталық бастау, оңтүстік, жарық, өмір, күн, тақ сан; Инь – жер, аналық бастау, солтүстік, ай, қараңғылық, түн, жұп сан.

Қазақ халық фольклорындағы «Жақсылық пен Жамандық», шығыс халықтарындағы «Мәрт пен Нәмәрт» ертегілерінің мазмұнында болмыстары бір-біріне мүлде қарама-қарсы екі кейіпкер жолға бірге шығады. Жақсылық, немесе Мәрт жол-жөнекей жаяу қалып, мүсәпір болған Жамандықты, яғни Нәмәртті жаны ашып, атына мінгестіріп алады. Бейшара жолаушы Жамандық (Нәмәрт) атқа мінігесіп алған соң өзіне жақсылық жасаушы жанды алдап, жолға тастап кетеді. Яғни, бұл екеуі бір жолмен жүре алмайды дегенді Жамандықтың осы әрекеті танытады. Алайда, екеуінің жолдары қайта-қайта тоғыса береді. Жамандықтың жасаған жамандық әрекеті Жақсылықты бір жақсылыққа жолықтырып отырады. Себебі, өмірдің өзі осы жақсылық пен жамандықтың тартысына негізделген. Бұл екі ұғым бір-біріне қарама-қайшы мәнде болғандықтан да сол ұғымдарды иемденген екеуі ертегі мотивінде сол аттарына сәйкес әрекет жасайды.

Жаратылыстың екі бастауын – жақсылық пен жамандықтың қайнар көздерін сипаттауда философтар мифтік дүниетанымға назар аудара отырып, түрлі концепцияларды ұсынды. Бұл концепциялар дерлік мифтерден, аңыз-ертегілерден өздеріне «дәнек» іздегені белгілі. Осындай ізденістер нәтижесінде неміс ойшылы Фридрих Ницше XIX ғасырдың 72-жылы болмыстың екі бастауын сипаттайтын «аполлондық» және «дионистік» бастаулар ұғымын ұсынды [9]. Аполлон да Дионис те – грек мифінің кейіпкерлері, екеуінің әкесі – найзағай құдайы Зевс делінеді. Ницше тұжырымы батыс ойшылдары Плутарх, Томас Ман еңбектерін еске салады. Бұлар күн құдайы болып саналатын Аполлон мен шарап құдайы Дионистің болмыстарындағы бір-біріне ұқсамайтын қасиеттерді жүйелеп алып, солар арқылы бір-біріне қарама-қарсы өмір сүру тәсілдерін анықтайды. Мифтік танымдағы аспан мен жер, ақ пен қара, қараңғы мен жарық, ыстық пен суық, күн мен түн, жоғары мен төмен, солтүстік пен оңтүстік, батыс пен шығыс, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, періште мен шайтан – бір-біріне қарама-қарсы, қарама-қайшы, алайда, бір-бірінен бөлінбейтін жұпты құрайды. Өзара тартыста болғанымен, олар бірінсіз бірі әрекет ете алмайды. Диалектиканың негізгі заңдарының бірі – қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы екенін философиялық

тұрғыда жақсы білеміз. Бұл заңдылыққа сүйенсек, дамудың негізінде құбылыстар мен үдерістердің өзара қайшылығы жатқаны айқын. Осы қайшылықтар дамудың өзегіне айналады. Қарама-қарсылықтың бірілігі мен күресі – қозғалыстың және барлық болмыстың дамуының бастау көзі. Әйгілі неміс ойшылы Гегель қайшылықтар туралы ілімді диалектикалық тұрғыда талдап көрсеткенін білеміз. Қайшылық дегеніміз – қарама-қарсы ұғымдардың, заттардың, құбылыстардың бір-біріне шартты түрдегі қарсылығын танытады. Қайшылық атаулының бірігетін, ымыраға келетін тұстары бар. Қайшылық, дәлірек айтқанда, бір бүтін болмыстағы

екі ұғымның қарым-қатынасы дамудың өзегі екеніне ұлы Абайдың «*Махаббат пен гадауат майдандасқан // Қайран менің жүрегім мұз болмай ма*» деген жолдары да дәлел бола алса керек. Яғни, дамудың, тіршіліктің негізгі тетігі болған қарама-қайшылықтың майдандасар алаңы – өмір кеңістігі, сол өмір сәулеленетін рух әлемі. Дамудағы осы заңдылық өмірдің көркем бейнесін жасайтын өнер туындыларында әр түрлі бейнелеу тәсілдері, стилистикалық пішіндер түрінде көрініс тапты. Көркем әдебиет үлгілеріндегі стилистикалық пішін, көркемдік тәсіл ретіндегі оксюморон құбылысының, антоним мен анти-тезаның мәнін осы негізде түсінген абзал.

Әдебиеттер

- 1 Энциклопедия культуры и общества. (Электронный ресурс). – URL: <http://glossword.info/index.php/term/> (қаралған мерзімі: 24.12.2015).
- 2 Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. М., Логос, 19987 – 380 с. ISBN: 9785397009683.
- 3 Леви-Стросс К. Мифология: Сырое и приготовленное. М., 2006. – 399 с. ISBN: 5-98358-111-2.
- 4 Руднев В. Словарь культуры XX века. (Электронный ресурс) (қаралған мерзімі: 24.12.2015).
- 5 Найдыш В.М. Философия мифологии. XIX – начало XXI в. – М.: Альфа М, 2004. – 544 с. ISBN: 5-98281-023-1.
- 6 Згурская М. П. Загадки истории. Древний Египет. Directmedia, 2014. – 380 с.
- 7 Норман Д. Мифологиядағы символизм. // Кітапта: Мифология: құрылымы мен рәміздері. Алматы: «Жазушы», 2005. – 568 б. ISBN: 9965-701-86-5.
- 8 Маслов А.А. Китай: Укрощение драконов. Духовные поиски и сакральный экстаз. М.: Алетейя: Культурный центр «Новый Акрополь», 2006. – 480 с. ISBN: 5-98639-024-5, 5-901650-18-2.
- 9 Ницше Ф. Полное собрание сочинений. В 13 томах. Том 1. Часть 1. Рождение трагедии. Из наследия 1869-1873 годов. – М.: «Культурная революция», 2006. – 416 с. ISBN: 978-5-902-76415-1.

References

- 1 Encyclopedia of culture and society. (Electronic resource). – URL: <http://glossword.info/index.php/term/> (show date: 24/12/2015).
- 2 Saussure F.de. Course in General Linguistics. M., Logos, 19987 – 380 with. ISBN: 9785397009683.
- 3 Levi-Strauss C. Mifologiki: Raw and cooked. M., 2006. – 399 p. ISBN: 5-98358-111-2.
- 4 Rudnev Dictionary culture of the twentieth century. (Electronic resource) <http://slovar.lib.ru/dictionary/binaropozicija.htm> (show date: 24/12/2015).
- 5 Naydysh VM mythology philosophy. XIX – the beginning of the twenty-first century. – M.: Alpha M, 2004. – 544 p. ISBN: 5-98281-023-1.
- 6 Zgurskaya MP Mysteries of History. Ancient Egypt. Directmedia, 2014. – 380 p.
- 7 Norman D. Mythology symbolism. // Book: Mythology: symbols of the structure changed. Almaty: «Zhazushy», 2005. – 568 b. ISBN: 9965-701-86-5.
- 8 Maslov AA China: The Taming of the dragons. Spiritual quest and sacred ecstasy. M.: Aleteya Cultural Center «New Acropolis», 2006. – 480 p. ISBN: 5-98639-024-5, 5-901650-18-2.
- 9 F. Nietzsche Complete Works. The 13 volumes. Volume 1 Part 1: The Birth of Tragedy. From the heritage of 1869-1873's. – M.: « Culture Revolution», 2006. – 416 p. ISBN: 978-5-902-76415-1.